

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**T29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**T29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

ға, түсті кырыққабат – 7,1%-ға, апельсин – 7,5%-ға, картоп – 6,9%-ға қымбаттады. Бағаның жұмыртқаға – 20,7%-ға, қантқа – 5,8%-ға, йогуртқа – 3,2%-ға, шикідей ысталған шұжыққа – 2,6%-ға, қазы мен ысталған етке – 2,1%-ға, ашытылған сүтке – 1,9%-ға, маргаринге – 1,7%-ға, қамырдан жасалған бұйымдарға – 1,5%-ға, құс етіне – 1,4%-ға өсуі байқалды.

Қымбатшылықтың негізгі көзі монополистер. Тұрғын үй коммуналды шаруашылығынан бастап ауыл шаруашылығындағы ірі компанияларға дейін бағаны өз ырықтарында ұстап отыр. Бұл тұрғыда мемлекеттің монополияға қарсы саясаты дұрыс жұмыс істесе, тек шағын және орта бизнестің тынысын ашып қана қоймай, бағаның да арзандауына түрткі болар еді. Сондықтан, инфляция сыртқы жаһандық факторлардан, не болмаса ұлттық валютаның әлсіздігінен емес, бірінші кезекте экономикада шағын және орта бизнес үлесінің төмендігінен.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімдік (2030 ж. дейін) даму стратегиясы – Алматы, 1997 [34-35 б.б.].
2. Әубәкіров Я.Ә., Нәрібаев К.Н., Жатқанбаев Е.Б., Экономикалық теория негіздері /оқулық – Алматы: ҚазМҰУ, 1998 [102-110 б.б.].
3. <https://7kun.kz/73423-2/>
4. <https://stat.gov.kz/region/256619>

## **ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

**Рейдолда С.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

[Sau\\_1981@mail.ru](mailto:Sau_1981@mail.ru)

Өңірлік экономиканың негізгі және дәстүрлі әдістерінің бірі - өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасау. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін негізгі экономикалық құбылыстар мен үрдістерді сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Талдаудың мақсаты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының тиімді нұсқаларын негіздеу үшін экономикалық өсудің теңгерімсіздігі мен пайдаланылмайтын мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.


Мақаланың негізгі мақсаты экономикалық-статистика әдістерін қолдана отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтау.

Әлеуметтік-экономикалық дамуды талдау келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Өңірдің экономикалық жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерін талдау;

2. Өңірдің әлеуметтік жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді талдау.

Өңірлік экономика өзара іс-қимыл жасайтын өңірлер, еркін экономикалық аймақтар, ірі экономикалық аудандар, жекелеген аумақтық-өндірістік кешендер, сондай-ақ ірі өнеркәсіптік және өнеркәсіптік кешендер жүйесі ретінде қаралатын ел экономикасының жұмыс істеуі мен дамуының мәселелерін және заңдылықтарын зерделейді.



**Сурет 1. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын көрсеткіштер**

Ескерту – сурет автормен құрастырылған.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы деп оның экологиялық, экономикалық, әлеуметтік өзгеруінің кешенді процесті айтамыз. Кеңістіктік, саяси және рухани салалардың сапалы өзгерісінің адам өміріне оң ықпал етуін, сонымен қатар, аймақтың дамуы әлеуметтік байлықтың ұлғаюынан көрінетін әлеуметтік прогреске бағытталуы қажет, яғни адам өмірінің объективті және субъективті жағдайларының жиынтығы негізінде адамның, табиғаттың, өндірістің, қоғамның және мемлекеттің үйлесімді дамуы білдіреді. Өңірдің

әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету деңгейін анықтаудың бірден бір жолы әлеуметтік-экономиканы сипаттайтын көрсеткіштерге талдау жасау ерекше мәнге ие. Әлеуметтік инфрақұрылым өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының біріктірілген және жүйелендірілген негізгі шешуші факторы болып табылады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына терең талдау жүргізе отырып, болашақта даму перспективаларын анықтауға болады.

Аймақтың даму көрсеткіштерінің жүйесі - бұл аймақтың жағдайын сипаттайтын және оның дамуының салыстырмалы деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін кешенді сандық модель. Талдау барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштерді екі топқа бөліп қарастырдық және келесі 1 суретке назар аударыңыз.

Өңір тіршілігінің барлық негізгі параметрлерін кешенді талдау арқылы әлеуметтік-экономикалық жағдайын, шаруашылық кешенінің жағдайын, өңірді одан әрі дамытудың негізгі жолдарын анықтауға болады. Нақтырақ айтар болсақ Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге жүргізілген талдауға назар аударайық. Төмендегі 1 кестеде Ақмола облысының әлеуметтік жағдайын сипаттайтын көрсеткіштердің серпініне жүргізілген талдау нәтижесі берілген:

**Кесте 1. 2015-2019 жылдарғы Ақмола облысының әлеуметтік көрсеткіштерінің динамикасын талдау**

Көрсеткіштер	Бірлік өлш	Тізбектік қатарлар әдісі							
		Абсолюттік өсім, +; -				Өсім қарқыны, %			
		2016/ 2015	2017/ 2016	2018/ 2017	2019/ 2018	2016/ 2015	2017/ 2016	2018/ 2017	2019/ 2018
Экономикалық белсенді халықтың саны	мың адам	-6,8	-9,1	0,3	-0,9	-1,53	-2,08	0,07	-0,21
Жұмыспен қамтылған халықтың саны	мың адам	-6,6	-8,1	0,4	-0,7	-1,56	-1,95	0,1	-0,17
олардан: жалдамалы қызметкерлер	мың адам	2,8	-0,8	5,4	3,4	1,05	-0,3	2,01	1,24
өзін өзі жұмыспен қамтығандар	мың адам	5,6	-7,4	-5	-4,1	3,96	-5,03	-3,58	-3,05
Жұмыссыздардың саны	мың адам	-0,2	-1	-0,1	-0,2	-0,92	-4,63	-0,49	-0,98
Орташа айлық номиналдық жалақы	тг	15640	5950	10595	18911	17,54	5,68	9,57	15,58
Ескерту – кесте автормен құрастырылған									

Жоғарыдағы 1 кестеге сәйкес Ақмола облысының әлеуметтік даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге жүргізілген талдау қорытындысы бойынша белсенді халықтың саны, жұмыспен қамтылғандар саны, оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды саны және жұмыссыздар санының абсолюттік

өсімінің жылдан жылға азаю тенденциясын байқаймыз, ал жалдамалы қызметкерлер саны мен номиналдық еңбекақының өскендігін байқауға болады. 2016 жылғы экономикалық белсенді халық санын 2015 жылмен салыстырғанда өсім қарқыны 1,53% азайған, сәйкесінше әрбір келесі жылды өткен жылмен салыстырғанда өсім қарқыны 2017 жылы – 2,08%, 2019 жылы 0,21% кемісе, 2018 жылы 0,07% өскен. Жұмыспен қамтылғандардың ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының өсім қарқыны 2016 жылы – 3,96% өссе, 2017 жылы – 5,03%, 2018 жылы – 3,58%, 2019 жылы – 3,05% кемігендігін көреміз, ал керісінше жалдамалы жұмысшылар саны 2016 жылы – 1,05%, 2018 жылы – 2,01%, 2019 жылы – 1,24% өскен. Сондай-ақ жұмыссыздар санының өсім қарқынының 2016 жылы – 0,92%, 2017 жылы – 4,63%, 2018 жылы – 0,49%, 2019 жылы – 0,98% азайғандығын және номиналды еңбекақының өсім қарқыны 2016 жылы 17,54%, 2017 жылы – 5,68%, 2018 жылы – 9,57%, 2019 жылы – 15,58% өскендігін көруге болады. Қорыта келгенде, жұмыспен қамтылғандар санының ішінде жалдамалы жұмысшылар саны өсіп, өзін-өзі жұмыспен қамтитындар саны азайған номиналдық еңбекақының өсуіне байланысты болуы мүмкін сәйкесінше жұмыссыздар саны азайған.

Бұдан әрі Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының экономикалық көрсеткіштері және оған жүргізілген талдау нәтижесі келесі 2-3 кестеде берілген:

**Кесте 2. 2015-2019 жылдарғы Ақмола облысының экономикалық көрсеткіштерінің динамикасын талдау үшін мәліметтер**

Көрсеткіштер	Бірлік өлш.	Жыл				
		2015	2016	2017	2018	2019
ЖӨӨ	млрд. теңге	1,12	1,34	1,55	1,69	1,93
Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ	мың тг	1 513,90	1 818,20	2 107,80	2 301,00	2621,2
Негізгі капиталдағы инвестициялар	млн тг	199, 02	223,04	264,89	278,17	333,72
Өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі	млн тг	335,40	455, 61	561,28	659,72	791,16
ШОБ субъектілерінің саны	адам	56 111	55 780	55 836	55 862	54417
ШОБ субъектілерінің өндіріс көлемі	млн тг	481 256	587 262	653 408	785 649	820938
Инновациялық өнім өндірісінің көлемі	млн тг	13,21	21,03	15,72	25,64	17,79
Бөлшек және көтерме сауда айналымы	млрд тг	185,79	236,13	273,15	298,85	318,83
<b>Ескерту</b> – кесте келесі ақпараттар негізінде автормен құрастырылған: Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын нақты мәндегі көрсеткіштер - <a href="https://stat.gov.kz/official/industry/63/statistic/5">https://stat.gov.kz/official/industry/63/statistic/5</a>						

**Кесте 3. 2015-2019 жылдарғы Ақмола облысының экономикалық көрсеткіштерінің динамикасын талдау**

Көрсеткіштер	Бірлік өлш.	Тізбектік қатар әдісі							
		Абсолюттік өсім				Өсім қарқыны			
		2016/ 2015	2017/ 2016	2018/ 2017	2019/ 2018	2016/ 2015	2017/ 2016	2018/ 2017	2019/ 2018
ЖӨӨ	млрд. теңге	0,23	0,31	0,14	0,24	19,92	15,5	9,48	13,75
Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ	мың тг	0,30	0,29	0,20	0,32	20,1	15,93	9,17	13,92
Негізгі капиталдағы инвестициялар	млн тг	24 024	41 847	13 285	55 546	12,07	18,76	5,02	19,97
Өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі	млн тг	120,2 1	105,6 7	98,44	131,44	35,84	23,19	17,54	19,92
ШОБ субъектілерінің саны	адам	-331	56	26,00	-1 445	-0,58	0,1	0,04	-3
ШОБ субъектілерінің өндіріс көлемі	млн тг	106,0 1	66,14	132,2 4	35,29	22,03	11,26	20,24	4,49
Инновациялық өнім өндірісінің көлемі	млн тг	7,82	-5,31	9,92	-7,85	59,16	-25,26	63,11	-30,62
Бөлшек және көтерме сауда айналымы	млрд тг	50,34	37,02	25,70	19,98	27,1	15,68	9,41	6,69

Жоғарыдағы 2 кестеге сәйкес Ақмола облысының экономикалық даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге жүргізілген талдау қорытындысы бойынша әрбір ағымдағы жылды өткен кезеңмен салыстырғанда ЖӨӨ өсім қарқыны 2016 жылы – 19,92%, 2017 жылы – 15,5%, 2018 жылы – 9,48%, 2019 жылы – 13,75% өскен және сәйкесінше жанбасына шаққандағы ЖӨӨ өскендігін байқауға болады. Әр өткен жылмен салыстырғанда ағымдағы 2016 жылы негізгі капиталдағы инвестициялардың өсім қарқыны 12,07%, 2017 жылы – 18,76%, 2018 жылы 5,02%, 2019 жылы 19,97% өскен. Дәл осылай өнеркәсіптік өнім өндірісінің өсім қарқыны 2016 жылы – 35,84% өссе, 2017 жылы – 23,19%, 2018 жылы – 17,54%, 2019 жылы – 19,92% өскенін көреміз. ШОБ субъектілер санының өсім қарқыны 2016 жылы – 0,58%, 2019 жылы – 3% кемігендігін көреміз алайда ШОБ өндіріс көлемінің өсім қарқыны 2016 жылы – 22,03% және 2018 жылы – 20,24% өскен. Сондай-ақ инновациялық өнім өндірісі көлемінің өсім қарқыны 2017 жылы – 25,26%, 2019 жылы – 30,62% кемісе, 2016 жылы – 59,16%, 2018 жылы – 63,11% азайғандығын атап айтуға болады. Бөлшек

сауданың өсім қарқыны жыл сайын тұрақты өсуді көрсеткені мен жалпы тенденциясының азайып бара жатқанын байқауға болады.

Қорыта келгенде, Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы бірқалыпты өсіп келе жатқанын атап айтуға болады. Өңірдің әлеуметтік-экономикасының бірқалыпты дамуын және маңызды көрсеткіштердің оң өсу қарқынына терең талдау жүргізу арқылы себеп-салдарын, басым бағыттарын, әсер ететін оң және кері факторларды анықтауға болады. Мұндай зерттеуді болашаққа қалдыруды жөн көрдік.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Анопченко Т.Ю., Чернышев М.А., Мурзин А.Д. Механизм регионального социально-экономического развития на базе государственно-частного партнерства, Южный федеральный университет, Электронный ресурс. г. Ростов-на-Дону. 2015ж cyberleninka.ru

2. Алехин Э.В Региональная экономика и управление учебное пособие Пенза Электронный ресурс. 2007г. – 83 с.

3. Сергей Ю.Ч. Формирование системы показателей социально-экономического развития регионов РФ Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки Электронный ресурс. 2011. <https://cyberleninka.ru>

4. Қазақстан Республикасының статистика Комитеті. <https://stat.gov.kz/official/industry/63/statistic/5>

## **АЙМАҚТЫҚ ДАМУДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ**

**Сағынов А.С.**

М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті

Қазақстан, Орал қ.

[08.06.2000@mail.ru](mailto:08.06.2000@mail.ru)

Қазіргі заманғы аймақтық экономикалық саясатты іске асыру бағыттары нақты елдік ерекшеліктерді айқындайтын көптеген факторларға тәуелділігімен ерекшеленеді. Стратегиялық және қаржылық аймақтық жоспарлаудың шетелдік тәжірибесін зерттеу Қазақстандағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің элементтерін қалыптастырумен және жаңашылдық енгізумен байланысты көптеген мәселелерді (әдіснамалық, сондай-ақ тәжірибелік сипаттағы) шешу нұсқаларының бірі ретінде көрініс табады. Ғылыми зерттеулердің көпшілігінде шет елдерде аймақтық экономикалық саясатты іске асыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді, алайда перспективалы қаржылық жоспарларды қалыптастыру аспектілері жеткілікті зерттелмеген болып табылады.

Аймақтық дамуды стратегиялық қаржылық жоспарлаудың нысандары мен әдістерінің салыстырмалы түрде әртүрлілігін ескере отырып, шет елдердің